

Прокопенко Зарина Бобомурадовна

*Silkway Халықаралық университеті Педагогикалық факультетінің 2 курс
магистранты, п.ғ.д., профессор Молдабек Қ.
Шымкент, Қазақстан*

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Жеке тұлға дамуының мотивация саласы жеке тұлғаның құндылық бағдары, жеке тұлғаның құндылық бағдар процесі, жеке тұлғаның құндылық бағдарының педагогикалық диагностикасы және жеке тұлғаның құндылық бағдар процесінің ғылыми әдістемелік жүйесін меңгеруге, қалыптастыруға деген ынта-ықылас пен қызығушылықтың пайда болуымен анықталады.

Оқу жұмысы мен белгілі бір білімдер жүйесін меңгеруде сана мен зейіннің маңызы өте зор. Оқушылар әрекетінің басты, жетекші түрі - оқудағы еңбек. Мұның өзі көп уақытты алып, зор ақыл-оймен ерік-жігерді талап етеді. Оқу еңбегі негізінен, интеллектуалды еңбек, оқу қызметі қажетті рухани және моральдық қасиеттерді, мінез-құлықтың әдеттері мен дағдыларын қалыптастыруға елеулі әсер етеді.

Оқу арқылы оқушыларға қоғам өзінің ғасырлар бойы жинақтаған асыл мұрасын, дағды, тәжірибесін береді.. Сонымен бірге жеткіншек білім жүйелерін меңгереді, сөйтіп, өзін практикалық іс-әрекетке дайындайды. Білім жүйесін меңгеру арқылы адам ой және дене еңбегінің тетіктерін жақсы түсінеді, оларды жан-жақты біле түсуге мүмкіндік алады. Білімді меңгеру ұзақ уақытты керек ететін күрделі процесс.

Таным процесі туралы теориялық түсініктемені таным теориясы береді, онда бейнелеу теориясының алатын орны ерекше. Бұл теорияға лайық объективті дүниені тану процесі адамның сана сезіміндегі, шындық құбылыстардың бейнесінің ерекше процесі болып табылады.

Ғылым мен техниканың өсуіне қарай адам дамуының жетілуіне қажетті жаңа таным құралдары жасалуда, адамның әлі де танылмаған заттармен

құбылыстар дүниесін меңгеруін жеңілдететін зерттеудің барынша жетілген әдістері жасалуда.

Оқудың ғылыми танымдық формасының бейнесі, оның үстіне ол ғылыми таныммен тығыз байланыста болып табылады. Оқу процесі бұл педагогтік күрделі құбылыс, оның көптеген айырмашылықтары мен ерекше белгілері бар.

Оқу, білім алу адам жеке басының танымдық қызметінің ерекше түрі. Оқи жүріп, білім негіздерін меңгере отырып, олар өздерін қоршаған дүниені таниды. Кез- келген білімдерді меңгеру оқушыларға зор талап қояды. Өйткені, ұғыну өте күрделі процесс. Ол бірнеше кезеңдерден тұрады, бірінші кезеңінде нені оқыту керек, қалай оқып, қалай меңгеруі керектігі жайлы мағлұмат алады. Бұдан кейін қабылданған білімнің тәжірибеде орындап, оның келесі кезеңін тұжырымдап, ұғынған нәрсені ойда ұстап тұру, яғни есте сақтау қабілетін қалыптастыру, соңғы кезең білімнің негізін сипаттайтын немесе негізгі болып саналатын зат, я болмаса құбылыс туралы белгілі ұғымды қалыптастырумен сипатталады.

Мектептің міндеті-оқушыларға құндылықтар жүйесін қалыптастыру процесі кезінде танымдық іскерліктің өз алдына, оқушының талабына сай қалыптастырып, оларға мектеп қабырғасында ғылыми танымның әдістемелері туралы мағлұмат алуларына жағдай жасап, осы бағытта оқу-тәрбие процестерін ұйымдастыру. Егер оқушылар жеке тұлғаның құндылық бағдарының мәнін, маңыздылығын ұғынса, білсе, жеке тұлғаның құндылық бағдар процесінің ерекшеліктері мен заңдылықтарын, компоненттерінің маңыздылығын, механизмдері туралы, жеке тұлғаның құндылық бағдарын меңгеруге қажетті іс-әрекеттердің маңыздылығын түсініп, соны меңгеруге қажетті білім негіздерін игерсе, онда танымдық іс-әрекеттің тиімділігінің артқаны. Бұл оқушыларға өздерінің болашағы туралы, болашақ мамандығы туралы бастапқы мағлұматтар алып, өз мүмкіндігін пайдалана білу, білімнің пайдасы мен маңызын саналы түрде ұғынып, түсінуіне көмектеседі.

Білімді меңгерудің басты көрсеткіштері оқушылардың алған білімдерін жалаң түрде қайтадан қайталап айтып іс- берулерімен анықталмайды, сол алған

мазмұнына орай өз пікірлерін ортаға салып, ойларын ашық білдіруі, жалпы өзінің көзқарасын анық батыл түрде білдіріп, өз бағасын беруі болып табылады.

Жеке тұлғаның құндылық бағдарының танымдық саласы тек құндылықтар туралы түсініктердің жиынтығымен ғана емес, сонымен бірге белгілі бір объектіні немесе құбылысты құндылық ретінде ұғынуымен де анықталады. Бұл құндылықтар арқылы солардың негізінде жеке тұлға өзін адамгершілік, өнегелі сапаларды «таратушы» санайды.

Бастауыш сыныптағы оқу әрекетін қалыптастыруды білімге құндылық бағдар жұмысымен ұштастыруда оқулық әдебиеттердің сан алуан құрамы көмекке келеді. Қазіргі таңда олардың құрамы мынадай: оқулықтар, электрондық оқулықтар, мультимедиялық және үйретуші бағдарламалар, әдістемелік оқу құралдары, есептер мен жаттығулар жинағы, диктанттар жинағы, жұмыс дәптері, кестелер мен экрандық оқулықтар, хрестоматиялар т.б. Оқушы үшін оқулық –білім көзі, білік, дағдыны қалыптастыру мен бекіту құралы. Демек, алдыңғы кезекте бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылық бағдар мазмұнының пәндер бағдарламасы мен оқулықтардағы қамтылуын және сол арқылы ұлттық құндылық бағдар қалыптастыру мүмкіндігін зерделеу қажет.

Бастауыш сыныптарда оқушылардың білімге құндылық бағдар беретін ақпараттары ауқымды келетін ана тілін және дүниетану пәндерін зерделеу арқылы осы пәндердің ұлттық құндылық бағдар қалыптастыру мүмкіндіктерін қарастыруға тырыстық. Қазақ халқының рухани-эстетикалық мәдениетінің аса бір құндылығы –оның ана тілі, сөз өнері. Оқушы тілді меңгере отырып, қазақ халқының ұлттық тіл мәдениетіне ену мүмкіндігіне ие болады, соның нәтижесінде оның жеке тұлғалық мәдениетінің және болашақ білімділігінің негізі қаланады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар мен педагогтердің жанашыл тәсілдері негізінде тәрбие жүйесін жаңарту жолдары. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 64 б.